

**Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының «8D02204 – Исламтану»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға  
ұсынылған «XIX–XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының  
сопылық дүниетанымы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының  
АҢДАТПАСЫ**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы:** Бұл диссертациялық зерттеу барысында XIX–XX ғасырлардағы ислам сопылық дүниетанымының метафизикалық іргетастары мен тарихи трансформациясын пәнаралық әдіснама негізінде кешенді түрде талданады. Сопылықтың таным жолы (шариғат, тариқат, мағрифат, ақиқат), онтологиясы мен психоспиритуалдық құрылымы герменевтикалық және философиялық тұрғыда қарастырылып, оның колониализм, модернизм және кеңестік кезеңдегі эволюциясы тарихи-контекстуалды деңгейде зерделенеді. Сонымен қатар, зерттеу заманауи гуманитарлық дискурстағы сопылық интерпретацияларды, оның әлеуметтік-мәдени функцияларын және рухани мағына тудыру әлеуетін аша отырып, сопылықты ислам руханиятының универсал мәнге ие парадигмасы ретінде ұсынады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** XIX–XX ғасырлар ислам сопылық дүниетанымының тарихи тағдыры мен эпистемологиялық мәнін қайта пайымдауға мүмкіндік беретін өтпелі әрі күрделі кезең ретінде айқындалады. Бұл дәуірде сопылық ілім отарлық дискурстардың қысымына, модернизациялық үдерістердің рационалистік трансформациясына және кеңестік идеологиялық репрессияларға ұшырап, өзінің дәстүрлі формаларын жоғалту қаупімен бетпе-бет келді. Алайда, дәл осы тарихи кезең сопылықтың бейімделу, ішкі реновация және рухани қарсылық формалары арқылы мәдени жад пен діни санада сақталып қалуының айғағы болды. Сопылық ілімнің бұл феноменологиясы – оны тарихи, мәдени және философиялық деңгейде зерттеу қажеттілігін алдыңғы қатарға шығарады. Бүгінгі постсекулярлық және постгуманистік жағдайда адамның онтологиялық мәні мен рухани ізденістеріне деген сұраныс артып, технократизм мен экзистенциалдық дағдарыс шеңберінде балама дүниетанымдық құрылымдар ізделуде. Осы тұрғыдан алғанда, сопылық ілім тек дәстүрлі исламдық мистицизм ретінде емес, адамның рухани өзін-өзі тануындағы, ішкі трансформация жолындағы философиялық-онтологиялық бағдар ретіндегі маңыздылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, қазіргі гуманитарлық ғылымдарда – философия, мәдениеттану, психология және антропология салаларында – сопылықтың ішкі құрылымдары мен семиотикалық жүйесіне қызығушылық арта түсуде. Осыған байланысты, сопылық дүниетанымды тарихи үдеріс, мәдени код және экзистенциалды рефлексия ретінде зерттеу – ислам өркениетінің терең қабаттарын тануға ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы рухани кеңістікті қайта мағыналауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің өзектілігі – сопылықты тек діни-мистикалық тәжірибе шеңберінде емес, сонымен қатар оны адам болмысының әмбебап құрылымдарын ашуға бағытталған мәдени-философиялық парадигма ретінде пайымдауда.

**Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі:** XIX–XX ғасырлардағы ислам сопылық дүниетанымының зерттелу аясы қазіргі ғылыми кеңістікте белгілі бір концептуалдық бағдарлармен сипатталғанымен, әлі де терең пәнаралық және философиялық синтезді талап ететін күрделі мәселелер қатарында қалып отыр. Исламтану, дін философиясы, мәдениеттану және антропология салаларында жүргізілген зерттеулер сопылық ілімнің жекелеген қырларын – оның метафизикалық негіздерін, ритуалдық практикаларын немесе белгілі тариқаттар тарихын – сипаттауға бағытталғанымен, бұл ілімнің тұтас дүниетанымдық құрылымы мен тарихи-контекстуалды эволюциясын кешенді деңгейде пайымдауға бара бермейді.

Батыс академиялық әдебиетінде А. Шиммель, Х. Корбин, М. Чодкевич сынды зерттеушілер сопылықтың символдық жүйесі мен трансценденттік тәжірибесіне феноменологиялық және герменевтикалық тәсілдер арқылы үңілген. Түркі-мұсылмандық кеңістікте сопылықтың этикалық-практикалық аспектілері мен тариқаттық дәстүрлері Ә. Дербиш, М. Топбас, Н. Келес, С. Аслибаев еңбектерінде көрініс тапқан. Қазақ топырағында Ясауи ілімін тарихи-идеялық мұра ретінде қарастырған зерттеулер де бар. Кеңестік және посткеңестік кезеңде жүргізілген дінтанулық және философиялық талдаулар К.К Бегалинова, Д.Т Кенжетай, А. Нысанбаев, Абуов А, Абирова М.Т және т.б. зерттеулерінде сопылықты тарихи сана, мәдени жад және дүниетанымдық мұра ретінде бағалаудағы өзіндік үлес қосқан. Алайда бұл зерттеулердің басым көпшілігі сопылықты не діни-мистикалық тәжірибе, не тариқаттық институционалдық құрылым ретінде сипаттаумен шектеліп, оның тарихи трансформациясын, онтологиялық түзілісін және қазіргі замандағы философиялық маңызын тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде қарастыра бермейді. Әсіресе, сопылықтың отарлық үстемдік, модернистік секуляризм және кеңестік идеология жағдайындағы трансформациялық динамикасы, сондай-ақ посткеңестік кеңістіктегі ренессанстық сипаттағы қайта өрлеуі ғылыми зерттеулерде сирек кездеседі. Осыған байланысты ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс сопылық дүниетанымға тек діни немесе тарихи-фактологиялық қана емес, пәнаралық-философиялық (онтология, эпистемология, экзистенциализм, психоспиритуалдық антропология) ракурстан келуді көздейді. Жұмыс тақырыбының зерттелу деңгейі мен ғылыми жаңалығы осы рухани жүйені тарихи жады, мәдени сана және адам болмысының әмбебап формасы ретінде жаңа теориялық-когнитивтік өріске шығаруға бағытталған талпыныспен ерекшеленеді.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:** Бұл диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – XIX–XX ғасырлардағы ислам сопылық дүниетанымының метафизикалық негіздерін, тарихи дамуын және заманауи маңызын пәнаралық-философиялық тұрғыда кешенді түрде пайымдау. Зерттеу сопылықты тек діни-мистикалық ілім ретінде емес, адамның рухани болмысын айқындайтын, ішкі трансформацияға жетелейтін терең онтологиялық бағдар ретінде қарастырады.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу келесі **міндеттерді** алға қояды:

- Сопылық ілімнің төрт сатысы – шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқат – арқылы адамның рухани жетілу жолын онтологиялық және герменевтикалық тұрғыда талдау;

- Сопылық дүниетанымның метафизикалық және психо-рухани құрылымдарын, символдық жүйесі мен ішкі логикасын мәдени-философиялық талдауға негіздеу;

- XIX–XX ғасырларда сопылықтың отарлық билік, модернистік рационализм және кеңестік секуляризм жағдайында қандай трансформациялық үдерістерге ұшырағанын тарихи-контекстуалды деңгейде көрсету;

- Түркі-мұсылмандық кеңістіктегі сопылық дәстүрдің тарихи сабақтастығы мен бейімделу формаларын салыстырмалы түрде зерттеу;

- Қазіргі гуманитарлық дискурста сопылықтың экзистенциалдық, антропологиялық және мәдени код ретіндегі өзектілігін ашып көрсету;

- Сопылық ілімді рухани қарсылық формасы, мәдени жадыны сақтаушы құрылым және балама дүниетаным ретінде теориялық тұрғыда қайта ұсыну.

Аталған міндеттер сопылық дүниетанымды тек өткеннің жәдігері ретінде емес, бүгінгі рухани және мәдени сұраныстарға жауап бере алатын терең антропологиялық парадигма ретінде қарастыруға жол ашады.

**Зерттеудің нысаны:** XIX–XX ғасырлар контекстіндегі ислам сопылық дүниетанымының тарихи-рухани дамуы, метафизикалық түзілімі мен онтологиялық өзегі.

**Зерттеу жұмысының пәні:** Сопылық ілімнің рухани онтологиясы, психоэкзистенциалды құрылымы және оның тарихи-контекстуалды трансформациясын мәдени-философиялық парадигма аясында зерделеу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- XIX–XX ғасырлардағы сопылық дүниетаным алғаш рет тарихи-контекстуалды, онтологиялық және психоспиритуалдық тұрғыдан кешенді талдауға түсіп, оның рухани болмысты танудағы әмбебап эпистемалық рөлі жүйелі пайымдалды.

- Сопылық ілім отарлық дискурс, модернистік рационализм және кеңестік идеология жағдайындағы трансформация үдерісі ретінде қарастырылып, оның ішкі бейімделу мен рухани резистенция стратегиялары анықталды.

- Сопылықтың шарифат–тариқат–мағрифат–ақиқат сатылары адамның экзистенциалды жетілуінің онтологиялық формасы ретінде интерпретацияланып, бұл құрылым қазіргі антропологиялық және мәдени-философиялық дискурспен сабақтастырыла сарапталды.

- Зерттеу сопылықты тек діни-мистикалық тәжірибе емес, мәдени жадыны, рухани тұтастықты және тұлғалық трансформацияны жүзеге асыратын метадүниетанымдық құрылым ретінде ұсынды.

- Сопылық ілім қазіргі постсекулярлық және постгуманистік жағдайдағы рухани ізденістер мен балама онтологиялар аясында жаңа парадигмалық мағынада талданды.

### **Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

- XIX–XX ғасырлар сопылық дүниетаным үшін тарихи сынақ пен рухани трансформация кезеңі ретінде сипатталып, бұл үдеріс сопылықтың бейімделу, іштей жаңғыру және рухани қарсылық стратегиялары арқылы іске асқанын көрсетеді.
- Сопылық жолдың төрт сатысы (шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат) адамның рухани-онтологиялық кемелденуінің біртұтас құрылымы ретінде түсіндіріліп, оның ішкі мағыналық логикасы қазіргі экзистенциалды философиямен үндес келеді.
- Сопылық ілім отарлық үстемдік пен секулярлық модерн жағдайында жойылуға ұшырамастан, мәдени жад пен діни санада сақталу формасын рухани реновация арқылы жүзеге асырған.
- Зерттеу сопылықты діни-философиялық парадигма ретінде ғана емес, мәдени код, символдық жүйе және антропологиялық онтология ретінде пайымдаудың ғылыми негізін ұсынады.
- Қазіргі постсекулярлық кезеңде сопылық – адамның мәндік болмысы, рухани ізденісі мен мәдени өзін-өзі тануы тұрғысынан балама дүниетанымдық модель ұсынатын өзекті феномен ретінде қайта қарастырылуы тиіс.

**Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері:** Зерттеу ислам философиясы, сопылық онтология, экзистенциализм мен мәдени антропология тоғысында жүзеге асырылды. Ибн Араби мен әл-Газали ілімдерімен қатар, Х. Корбиннің трансценденттік герменевтикасы мен М. Хайдеггердің болмыс онтологиясы зерттеудің философиялық өзегін құрады. К. Юнгтің архетиптік құрылымдар теориясы сопылықтың психо-рухани өлшемін пайымдауға негіз болды. Сондай-ақ әдіснамалық негізге герменевтикалық талдау (Гадамер, Рикёр), феноменологиялық сипаттама, тарихи-контекстуалды және дискурсивтік тәсілдер алынып, сопылық мәтіндер мен тәжірибелердің көпқабатты мағына құрылымын ашуға бағытталды.

**Жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңыздылығы:** Зерттеу ислам сопылық дүниетанымын онтологиялық, эпистемологиялық және тарихи-мәдени тұрғыда біртұтас парадигма ретінде қарастыруымен ерекшеленеді. Бұл жұмыс сопылықты тек діни-мистикалық тәжірибе шеңберінде емес, адамның рухани болмысын, ішкі трансформациясын және экзистенциалды ізденістерін зерделеудің әмбебап теориялық үлгісі ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сопылық ілімнің постсекулярлық және постгуманистік дискурстармен сабақтастығы алғаш рет жүйелі түрде ұсынылып, оның қазіргі заманғы мәдени-философиялық маңыздылығы тереңінен ашылады. Зерттеу нәтижелері ислам философиясы, мәдениеттану, дінтану және антропология салаларында жүргізілетін академиялық бағдарламалар мен ғылыми жобалар үшін теориялық әдістемелік база ретінде құнды. Әсіресе, рухани білім беру, діни мәдениет пен тарихи жадты жаңғырту, діни мәтіндерді интерпретациялау және тұлғалық даму концепцияларын қалыптастыру бағыттарында бұл еңбектің

қолданбалық әлеуеті жоғары. Сонымен қатар, зерттеу сопылық ілімге қатысты ұлттық ғылыми дискурсты кеңейтуге және оны қазіргі жаһандық гуманитарлық кеңістікпен диалогқа енгізуге ықпал етеді.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлданыуы:** Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық қағидалары мен қорытындылары автордың 5 ғылыми мақаласы арқылы талқыға ұсынылған, 2 мақала тікелей тақырыпқа сай көрініс тапқан, Қазақстан Республикасы жоғары білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде бекітілген тізімдегі журналдарда, 1 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 2 мақала тікелей тақырыпқа сай Scopus базасына енетін журналдардың бірінде жарияланған.

**Зерттеу жұмысы:** кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды, анықтамалы сөздік және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Алыс және жақын шетелдік, отандық әдебиеттерді толыққанды пайдаланылуы бойынша библиографиялық тізім 200 дереккөздерден тұрады.